	<p>қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балалардың назарын адамның мейірімді, жанашыр, қамқор, жанашыр және іскер, еңбекқор, ұқыпты қасиеттеріне аудару; жақсы және жаман іс-әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін, сондай-ақ балалардың ел Астанасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктерінің 2–3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p>Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау, бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</p>
<b>Сурет салу</b>	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
<b>Құрастыру</b>	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
<b>Музыка</b>	Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.
	<p>Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету, музыкамен қарапайым би қимылдарын орындау.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024–2025  
оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Арай» балабақшасы

**Топ/сынып:** ортанғы «Ақ бота» тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Ақпан айы 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
<p><b>Дене тәрбиесі</b></p>	<p>Негізгі қимылдар</p> <p>Жүру. Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүруді жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10–20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50–60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу.</p> <p>Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; денені солға, оңға бұру (отырған қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыру</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жасау. Тыныс алу жаттығуын жасау</p>
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау.</p>

<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Міндеті:</b> Табиғат, өлі және тірі табиғат, табиғаттағы құбылыстар туралы білімдерін жетілдіріп, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке баулу. Ойындар мен жаттығулар арқылы меңгерген қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жаттықтыру. Дыбыстық және артикуляциялық аппараттарды жетілдіру. Айналасындағы заттар тобын атай білуге жаттықтыру;</p> <p><b>Сөздер:</b> Жанды, жансыз табиғат Жанды табиғат: өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер Жансыз табиғат: су, құм, тас, тау</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> Өсімдіктер: гүлдер, ағаштар, шөп, өсімдіктің жапырағы, сабағы, гүлі, өседі, тыныс алады, қозғалады</p> <hr/> <p><b>Міндеті:</b> Өзімізді қоршаған орта, үй жануарлары туралы білімдерін жетілдіру. Қоршаған ортаны аялауға, таза ұстауға баулу арқылы мәдениеттілікке тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздер:</b> Үй жануарлары: жылқы, сиыр, қой, түйе, ешкі. Төлдер: құлын, бұзау, қозы, бота, лақ.</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> шөп, жем жейді, су ішеді, құлындайды, бұзаулайды, қоздайды, лақтайды</p> <hr/> <p><b>Міндеті:</b> Түс атаулары туралы түсінік беру. Түстерді ажырата білуге үйрету. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> ақ, сары, қызыл, жасыл, көк</p> <hr/> <p><b>Міндеті:</b> Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді үйрену барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Балаларды табиғатты аялауға, жан-жануарларды қорғауға деген көз-қарастарын қалыптастыру. Карточкаларды көрсету арқылы аңдарды табу ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздер:</b> Түлкі, қоян, аю, қасқыр, кірпі.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Сан. Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Шама. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең салыстыру қабілетін дамыту. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Күннің қарама-қарсы бөліктерінде: таңертең-кешке бағдарлау қабілетін дамыту.</p>

<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі.Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, бетіңізді жуу, тістеріңізді тазалау.</p> <p>Заттық әлем. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру; заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыс-аяққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу; сөйлеуде әртүрлі заттардың атауларын белсенді пайдалану, заттардың атқаратын функцияларын түсіну; заттар тобын білдіретін ұғымдарды меңгеру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.Жаяу жүргіншілер мен жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді бекіту.</p> <p>Еңбекке баулу.Қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне қажетті материалдарды, жабдықтарды дайындауға үйрету; пайдаланғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына қою.</p> <p>Адамгершілік-патриоттық тәрбие. Қазақ халқының дәстүрлі тұрғын үйі – киіз үймен таныстыру; балалардың туған өлкесіне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, айналадағы ересектерге деген сүйіспеншілігін білдіруге, балаларға үнемі қамқорлық жасауға үйрету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың 2–3 түрін, жабайы гүлдерді тануға және атауға, өсімдіктердің бөліктерін тануға үйрету.</p> <p>Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышының тұрғындарын бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғи құбылыстарды (маусымдық) бақылау қабілетіне үйрету; қысқы кезеңдегі ауа-райының жай-күйін бақылау күнтізбесінде белгілеу; табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану; қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру; ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру; заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу; құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p>Музыка тыңдау.Өндердің мазмұнын қабылдау және түсіну және олардың сипатын ажырату қабілетін қалыптастыру; әр түрлі аспаптарда орындалған өндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; шығарманы соңына дейін тыңдау.</p> <p>Ән айту.Ересектермен бірге ән айту қабілетіне үйрету, аспаптың сүйемелдеуімен оның дауысына бейімделу, бірге ән айтуды бастау және аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың қарқыны мен сипатына сәйкес музыкалық қимылдарды бір-бірлеп, жұппен орындау қабілетіне үйрету, аңдардың қимылдарына еліктеу: аю маймаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024–2025  
оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Арай» балабақшасы

**Топ/сынып:** ортанғы «Ақ бота» тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Наурыз айы 2024-2025 оқу жылы

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру. Бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналуға үйрету.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Тура жолмен жүре білуге үйрету.</p> <p>Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10–20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50–60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (нысана биіктігі 1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық).</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Саты бойымен өрмелеуге жаттықтыру.</p> <p>Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіре білуді дамыту.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Шағын топпен және бүкіл топпен (мұғалімнің көмегімен, көрнекі нұсқаулар бойынша) шеңберде өз орнын табу қабілетін дамыту.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары. Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізуге үйрету.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор. Балаларға «тұсау кесу» дәстүрімен таныстыру арқылы олардың</p>

	<p>алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдана білуге үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталауға мүмкіндік беру.
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Міндеті:</b> Көктем мезгілімен бірге, жер ананың ажарлана түсетінін балаларға түсіндіріп, алғашқы гүлдер, өсімдіктер туралы білімдерін жетілдіру. Сөздік қорларын байытып, екі-үш сөзден құралған сөйлемдермен сөйлеуге үйрету.</p> <p><b>Сөздер:</b> Көктем, гүл, құстар, көктем айлары, қар еру, ұшу</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> Көктем келді. Күн жылынды. Қар ериді.</p> <p>Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Бәйшешек- көктемнің алғашқы гүлі.</p> <p>Құстар ұшып келеді.</p>
	<p><b>Міндеті:</b> Наурыз тойы, салт – дәстүр туралы білімдерін дамыту. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> Жаңа жыл, 22 наурыз, мереке, наурыз көже, бата, ұлттық киім.</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> Күн мен түн теңелді. Ән айтылады. Би билейді. Ойындар ойналады.</p>
	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға жалпылама құстар туралы мәлімет беру. Үй құстары мен дала құстары туралы мағұлмат қалыптастыру. Жаңа сөздерді игеру барысында, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, дыбыстау алуға дағдылау. Сөздік қорларын молайту. «Бұл не?» ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздік:</b> Аққу, қарлығаш, торғай, қарға, көгершін.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Сан. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама. Салыстыру нәтижелерін ені бойынша, кең-тар, бірдей, тең салыстыру қабілетін дамыту.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы жұмысты жалғастыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Қоршаған ортамен</b>	Бала, оның отбасы, үйі. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін

<p><b>таныстыру</b></p>	<p>тазалау.</p> <p>Заттық әлем. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды игеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде ұйымдастырылған мінез-құлық дағдыларын бекіту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p>Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуге үйрету.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдана білуге үйрету.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануға үйрету.</p> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнауға баулу.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға</p>

үйрету; оларды атай білу.

Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024–2025  
оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Арай» балабақшасы

**Топ/сынып:** ортанғы «Ақ бота» тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Сәуір айы 2024-2025 оқу жылы

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Жан-жаққа баяу айналу қабілетіне баулу. Тепе-теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. Қарқынды өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Секіру. Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу, отыру, қолды алға созып отыру. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты сіңіруді жалғастыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Шынықтыру процедураларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын орындау.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалар әрекетінің әртүрлі түрлерінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.</p> <p>Сөздік қор. Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің</p>

	эмоционалды образын беруге баулу
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Міндеті:</b> Ғарыш әлемі, ғарышкерлер туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын байыту. Ойлау, қызығушылық қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Сөздер:</b> ғарыш, ғарышкер, жоғары, төмен, зымыран, сынақ, зымырайды, алды, жарқырау, жер, ай, жұлдыз, ғаламшар.</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> ғарыш әлемі, зымыран зымырайды, жұлдыздар жарқырайды</p>
	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға өсімдіктер әлемі туралы мәлімет беру, олардың денсаулыққа пайдасы туралы айтып беру. Балалардың сөздік қорларын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру. Сөздерді сөз тіркесін айту дағдысын қалыптастыру. Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Сөздер:</b> ағаш, гүл, жапырақ, бүршік.</p>
	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға табиғаттың оянып, гүлдену туралы білім беру.</p> <p>Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> Көктем, гүл, құстар, көктем айлары,</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> Көктем келді. Күн жылынды. Қар ериді. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр</p>
	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға Қазақстанның байлықтары туралы түсініктер беру. Өр облысқа жеке-жеке тоқтап, білімдерін арттыру. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анық айту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> тау, орман, өзен, көл, мұнай, кен.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Сан. Сауалдарға жауап беру арқылы заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.</p> <p>Шама. Биік-аласа, тең, биіктігі тең, үлкен-кіші және жалпы өлшемдегі сөздерді белгілей білуге үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Дербестікті қалыптастыруды жетілдіру: киіну, жуыну, тісін тазалау.</p> <p>Заттық әлем. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының</p>

	<p>нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балаларды жалпы ережелер мен нормаларды үйренуге ынталандыру. Балабақшада, үйде, көшеде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тани білу қасиетін дамыту.</p> <p>Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілей білуді дамыту.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау</p>
<b>Сурет салу</b>	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Жапсыру</b>	<p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024–2025  
оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Арай» балабақшасы

**Топ/сынып:** ортанғы «Ақ бота» тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Мамыр айы 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  Жүру. Екі жаққа да баяу айналу қабілетін дамыту.  Тепе-теңдікті сақтау. Арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.  Жүгіру. Қарқынның өзгеруімен жүгіру дағдыларын жетілдіру.  Домалату, лақтыру, қағып алу. Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.  Еңбектеу, өрмелеу. Жорғалау, өрмелеу дағдыларын жетілдіру.  Секіру. Алға жылжу арқылы орнында секіру дағдыларын жетілдіру.  Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (педагог көмегімен көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  Жалпы дамытушы жаттығулар. Денені солға, оңға бұру (отыру күйінен); қолды алға созып, тізені қолмен орап, басты еңкейту; тізеге бүгілген аяқтарды кезекпен көтеріп, төмендету.  Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға деген қызығушылықты арттыруды жалғастыру.  Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедпен түзу, шеңбер бойымен, оңға, солға бұрылыстармен жүру.  Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.  Сөздік қоры. Балалардың сөздік қорын байыту бойынша жұмысты жалғастыру, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаш жаттау, санауды, ән айтуды үйрену.  Сөйлеудің грамматикалық құрылымы. Болашақ және өткен шақ етістіктерін үйлестіру қабілетін дамыту.  Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілерді ойнауға және драматизациялауға қызығушылық, тілек ояту. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыстық ырғақтың мәнерлі қарапайым әдістерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға шақыру, қызығушылық тудыру.</p>
Көркем әдебиет	Өлеңдер мен тақпақ жаттай білуге үйрету
Қазақ тілі	<p><b>Міндеті:</b> Ойыншық атауларын қайталау. Оларды берші сөзімен байланыстарға қолдануға, ойнағысы келген ойыншықты сұрап алуға үйрету. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау, балалардың сөйлеуін дамыту,  <b>Сөздік:</b> ойыншық, қуыршақ, қонжық, ұшақ, поезд.</p>

	<p><b>Міндеті:</b>Балаларға жаз айлары туралы мағлұмат беру. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын оятуды жалғастыру. Жаз мергілімен қатар келетін, табиғат құбылыстарын айтқызу. Жаңа сөздермен танысу барысында қазақ тілінің тән дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> жаз, жасыл орман, әдемі гүлдер, серуен.</p>
	<p><b>Міндеті:</b>Жәндіктердің тыныс – тіршілігі, еңбек етулері әңгімелеу. Сөздік қорларын байыту. Өз ойларын айта білуге баулу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Жәндіктер туралы балаладың білімдерін кеңейту, Жаңа сөздер үйрету:</p> <p><b>Жәндіктер:</b> құмырсқа, ара, шыбын, көбелек, шегіртке, қоңыз.</p>
	<p><b>Міндеті:</b>Су астындағы тіршілік туралы балалардың білімдерін арттыру. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p><b>Сөздер:</b>Балық, шаян, су тасбақасы, өзен, теңіз, балдырлар, үлкен, үлкенірек, кішкентай</p> <p><b>Сөз тіркесі:</b> суда жүзеді, қоректенеді, тыныс алады, тіршілік етеді.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Сан. Заттарды қосу немесе одан алып тастау, сұрақтарға жауап беру арқылы тең және тең емес объектілердің топтарын салыстыру қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p> <p>Шама. Жалпы мөлшері бойынша жоғары-төмен, тең, биіктігі тең, үлкен-кіші сөздермен белгілеу қабілетін дамыту.</p> <p>Геометриялық фигуралар.Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау.Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Заттық әлем. Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыс-аяқтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу бойынша жұмысты жалғастыру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу.Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).</p> <p>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін</p>

	тану. Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау
<b>Сурет салу</b>	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу, құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу
<b>Жапсыру</b>	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Құрастыру</b>	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыруды дамыту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Музыка</b>	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қолдану қабілетін дамыту.